

Ш. Б. СЕЙТОВА

ҚЫПШАҚ ЭТНОНИМІНІҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Қыпшақ – қазақ халқы мен қазақ тілінің қалыптасуына ерекше үлес қосқан ежелгі тайпалардың бірі болса, қазіргі қазақ тілі өзінің арғы тегі жағынан түркі тілдерінің қыпшақ тобынан бөлініп шыққан. Қыпшақ деген атау сөз түрліше тілдердегі тарихи деректерде әр алуан атпен белгілі: еліміздің ерте заманғы деректерінде «қып-шақ» сөзі «хуша, уже» түрінде айтылады да, орта ғасырлар деректерінде «шыңса» деп аталады (17180.), арабтар оларды «дәшт-и кифчак» («далалық қыпшақ»), орыстар — «половцы», «половчане» (поле сөзіне байланысты – «далалықтар»), «язычники» («йазықникі-жазықтықта тұрушылар»), еуропалықтар — «куманы» // «команы» (бұл да «далалық адамдар» деген сөз) деп атап кел-ген» [2.67].

Қыпшақ бір кезде рудың емес, тайпалық одақтың, тіпті мемлекеттің аты болған десек те артық айтылғандық емес, оған өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, авар, алан т.б. елдерінің өздерін қыпшақпыз деуі дәлел. Тоқсан екі баулы қыпшақ деп аталуы да содан болар [3.15]. Ал XIX ғасырдағы мәлімет бойынша, Орта жүзде, соның ішінде Шығыс Қазақстан аймағында қыпшақтар аз қоныстанған. И.Г. Андреев: «Волость кипчацкая, которая начинается кочевьем своим от крепости Ямышевской вниз по реке Иртышу по займишам и островам, даже до крепости Железинской и ниже оной» – деп қыпшақтардың Орта жүздегі мекен тұрағын көрсетеді [4.101]. 1822 ж. 22 июньдегі жаңа басқару жүйесінің енгізілуіне байланысты Шығыс және Батыс болып бөлінген Сібір губерниясы құрылғаны тарихтан белгілі. Батыс Сібір губерниясына Тобольск, Томск және Омбы облыстары қарады. Орта жүз қазақтары Омбы облысының құрамына кіріп, бұдан былай Сібір қазақтары деп атала бастады. Омбы облысы Омск, Петропавловск, Семипалатинск, Усть-Каменогорск болып, іштей бірнеше округтерге бөлінген. Ал округтер әрқайсысына бір ауыл 50-70 киіз үйден кіретін 10-12 ауыл бір болыс болып саналатын болыстардан тұрды. Семипалатинск облысының құрамына 5 уезд: Зайсан, Усть-Каменогорск, Семипалатинск, Павлодар, Қар-қаралы кірді. Сол кездегі Семей облысының территориясы бүгінгі Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстары. Қарқаралы уезі облыстың батыс бөлігін, Шыңғыстау бөктерлерінің батыс бөлігінен Мойынты өзеніне және Ағадырға дейін, оңтүстігінде Балқаштан солтүстігінде Баянауыл таулары аралы-

ғын алып жатты. Осы Қарқаралы уезінде аздаған қыпшақтар мекендеген. Мұқанов М.С. мынандай деректер келтіреді: «Уезд населяли следующие племена Среднего жуза: аргыны (роды: каракесек, тобықты, канжыгалы, куандық, камбар, таракты, карарул) – 32515 хозяйств; керей (роды: косай, бекназар) – 2548 хозяйств; найманы – 986; кыпшаки – 3; туленгуты – 2564 хозяйств» [5.35]. И.Г. Андреевте де, М.С. Мұқановта да қазіргі Шығыс Қазақстан аймағында қыпшақтардың жоғарыда айтылғаннан басқа көші-қон, мекен тұрағы көрсетілмеген. Соған қарағанда бұл аймақта қыпшақтар шамалы ғана қоныстанған. Бұның себебін Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Қыпшақтың азайған себебі, әр түрлі түрік хал-қына қосылып кеткендіктен, көбі өзбек пен ноғай болып кеткен», — деп жазады [6.85]. «Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Қыпшақ. Бұл Қаңлыдан бөлініп, елсіз, бос жерге кеткендіктен қыпшақ атанған. Мағынасы — «бос, шөл, елсіз» деген сөз» – дейді [6.85]. Шәкәрім шежіресінде де қыпшақ бос, қуыс деген мағынаны беретіні айтылған.

«Қыпшақ» атауының шығу төркіні (этимологиясы) туралы ғылымда қалыптасқан берік тұжырым жоқ. Қыпшақ атау сөзі өзен-судың жалқы аты, сол географиялық нысанға байланысты ру-тайпалардың, елді мекендердің атаулары ретінде де қолданылып келген. Мысалы:

Қыпшақ – этногидроним. Қорғ. ауд.-ындағы өзен мен көл атауы. Өзен Ұлытау етегіндегі Ақжатақ елді мекенінен басталады, Қыпшақ көліне құяды [7.104].

Қыпшақ – этноним. Қыпшақ атауы біздің жыл санау дәуірімізге дейінгі III ғасырдан белгілі. Қыпшақ этнонимі VIII ғ. Ұйғыр, Мойын Чора ескерткіштері текстерінде ұшырасады [8.151].

Қыпшақ – антропоним. «Оғыз-намедегі» бектер есімінің негізінде тайпалар мен халықтар жатыр деген тұжырым да ден қоярлық. Әсіресе Ұрыс-бек, Масарқаған, Қыпшақ-бек секілді адам есімдерінің қойылуы жайдан-жай еместі [9.183].

Жалпы есімнен жалқы есімге немесе кері-сінше ауысуы тілде бар құбылыс. Антропонимдер мен топонимдердің жалпы есім сөздерден жасалатыны ғылымда басы ашық белгілі мәселе. Жалқы есімдердің жалпы есімдерден өзгешелігі – табиғаты жағынан жалпы есімнен жасалғандықтан екінші орында болуында. Өйткені жалқы есімдердің қай-

қайсысы болмасын шығу, қойылу тегі жағынан тілдегі жалпы есім сөздерден жасалған. Тіл-тілдегі онимдердің барлығы да сөздік қорымыздағы жалпы есім сөздерден жасалады. Сондықтан да олар тілдің ішкі заңдылығына бағынып, басқа сөздер сияқты тілдік нормаға сай келеді [10.50].

Сондықтан қыпшақ атау сөзі жалпы есімнен жалқы есімге ауысқан деп ойлаймыз.

Махмұт Қашқаридағы: ҚЫВ- ҚЫБ (ҚЫП) – бақ, дәулет [11.390]. ҚАРШАҚ-ҚАПШАҚ-су тармақтарының бір-біріне құйылып, тоғысатын жері [11.532]. деген түсінік ұланғайыр жерді мекендеген, үздіксіз басқа тайпалармен толығып, толысып отырған, бақталайы, дәулеті асқан қыпшақ тайпасының болмысын ашатын сияқты. Түркі тілдерінде а~ы сәйкестіктері кездесетіндіктен *қапшақ~қыпшақ* болып айтылуы да мүмкін. Бақ-дәулет ұғымындағы **қып** сөзі түбір тұлға болса **-шақ** қосымшасының да өзіндік берер мағынасы бар. Қыпшақ этнонимінің екінші сыңарын, **-шақ** компонентін В.Банг кішірейту жұрнағы десе, А.Щербак есім жұрнағы дейді [12.72]. Т.Ж.Орынбасарқызы: «Қосымшалардың функциялық табиғатының өзгеруі барысында кішірейту, салыстыру, ұқсату т.б. субъектіге тән ішкі мағыналар кейбір сөз тудырушы қосымшалар қызметімен салыстырғанда анағұрлым өміршен, тұрақты болып шығатыны айқын. *Қошақан, қуыршақ* сөздерінің құрамынан алғашқыда сөз тудырушы қызметте жұмсалған **-қан,-шақ** қосымшаларын танып білуге болатынын айтады». Барлық түркі тілдерінде көмекші-субъект, яғни кішірейту-еркелету эмоциясының реңкін беретін қосымшалар сөз түрлендіруші аффикстердің ерекше тобын құрайды. Олар алтай, тұңғыс, маньчжур тілдерінде сөз тудырушы қызметте де, сөз түрлендіруші қызметте де жұмсала беретін қосымшалар деп танылса, қазақ тілінде тек зат есімге кішірейту, еркелету мәнін үстейтін сөз түрлендіруші тұлғалар болып табылады [13.16]. Бұл жерде **-шақ** қосымшаларының функциясы. Оның біріншісі – сөз жасаушылық – есім тудырушы, екіншісі – форма жасаушылық – сөзді тұлғаландырушы. Қыпшақ сөзінің құрамындағы **-шақ** қосымшасы сөз тудырушы, яғни жан-жақтан тарамдалып келіп, құйылып жатқан арналы бақты, дәулетті деген мағынаға саяды. **-Шақ** қосымшасын сөз тудырушы қосымша ретінде мына мысалдардан да көруге болады: *қамышақ* – шөміш балық [11.546б.], *қарыншақ* – құмырсқа, *бағыршақ* – есектің ер-тоқымы, *абыршақ* – сандық, жәшік, *құдзуршақ* – қуыршақ т.б. [11.560б.]. Атау мен зат арасындағы тілдік емес байланыстарды жете қарастырмай тұрып,

атаулардың шығу тегін анықтау мүмкін емес. Тілдік бірліктердің пайда болу заңдылықтарының ойлау, тіл және шындықпен қарым-қатынасын, ондағы сөйлеушінің ролін зерттейтін саланы тіл білімінде номинация деп атайды. «Атаудың екі дәрежесі болады – 1) алғашқы атау – атаудың аталушы заттың қасиеттерімен уәждеделуі; 2) екінші дәрежелі атау – сөздің семантикалық дамуы нәтижесінде өзін тудырған түбірмен мағыналық байланысының үзілуі», – дей келе, Ж.А.Манкеева, – «атауыштық қызметте уәж ұғымы негізгі роль атқаратындығын атап көрсетіп, алғашқы атаулардың туындылығы көбіне этимологиялық және тарихи талдау арқылы анықталатынын, ал екінші дәрежелі атаулардың негізінде адам ойлауының ассоциативті сипаты жататындығын, яғни екінші дәрежелі атаулар көбіне бұрыннан бар, етене таныс нәрселерге ұқсатумен байланысты туындайтынына тоқталады» [14.249]. Сонда қыпшақ руының бүгінгі аталуы екінші дәрежелі атау сөз және оның антропоним, этногидроним, этнотопоним ретіндегі жалқы есімдік атауы да негізгі мағынасынан алыстап кете қоймаған.

Қазақ шежірешілері қыпшақты былай таратады: қыпшақтан сұлым алып, одан көбек алып, одан мүйізді, одан сары абыз, осы абыздан бес таңбалы қыпшақ – бұлтың, торы, ұзын, көлденең, қарабалық тарайды (Қазақ шежіресі, Н.Мыңжан, М.Жүсіп т.б.). Бес таңбалы қыпшақтың шешесі былай депті дейтін аңыз бар: «Бұлтың бітті бойыма, билік кірді ойыма; торы бітті бойыма, зорлық кірді ойыма; ұзын бітті бойыма, ерлік кірді ойыма; көлденең бітті бойыма, саудагерлік кірді ойыма; қарабалық бітті бойыма, байлық кірді ойыма» (15.180.) Бұлай әрбір баласының болашағына болжам жасап, сол болжамының тарих үдерісінде анықталып жататыны қазақ болмысында бар құбылыс және жоғарыда айтылған ана болжауы қыпшақтардың даму кезеңдерін де бейнелесе керек. Мәшһүр Жүсіп шежіресінде бесеуін «бес таңбалы» дейді. Әліф таңбалы – «Бұлтың қыпшақ» таңбасын жақтан басады. Мойын таңбалы – «Торы қыпшақ» – мойыннан басады. Қол таңбалы – «Ұзын қыпшақ» – қолдан басады. Көсеу таңбалы – «Көлденең қыпшақ» – саннан көлденең басады. Қарын таңбалы – «Қара балық» – қарыннан басады. Сондықтан бұларды «бес таңбалы қыпшақ» деп те атайды [16.76]. Кейбір қазақ шежірешілері қыпшақ руларын қара қыпшақ, құлан қыпшақ, қытай қыпшақ, сары қыпшақ деп төртке жіктейді. Осыған қатысты *қыпшақтың қарасы ашуланишақ, омырау келеді; сарысының көзі өткір, тілі ащы келеді, Қара қыпшақ Қобыландыда нең*

бар еді, құлыным? деген тұрақты тіркестер қалыптасқан. Сондай-ақ зерттеушілер арасында қыпшақтарды құба «куман», сары, сарғыш «половый, полый» анықтауыштарымен айтатын тұжырымдар да бар. Қыпшақ руына байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер: *қыпшақ бұзады, арғын түзейді; қыпшақтың Дешті даласы, арғымағында да бар санасы; 92 баулы қыпшақ; әкесіз қыпшақ сұм жүрек, әкелі қыпшақ жасу жүрек; қытай көп пе? қыпшақ көп пе?; ойбайласам – Құлдан жоқ, ойбастасам – қыпшақ жоқ; қыпшақ жалғыз, құлан жалғыз, құдай жалғыз т.б.*

Қыпшақ қазақ халқы мен қазақ тілінің қалыптасуына ерекше үлес қосқан рулардың бірі. Қыпшақ руы – ұзақ ғасырлар бойы түркі тектес бірнеше тайпалармен қатарласа өмір сүріп келе жатқан тілі де, діні де, ділі де ортақ, салт-дәстүр, әдет-ғұрпы, ұқсас, шаруашылық жүйесі, тіршілік көздері бір, қазақ халқының этникалық ірге тасын қалаған рулардың бірі.

ӘДЕБИЕТ

1. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994. 400 б. 80 б.
2. Сүлейменов О. АЗ и Я // Жұлдыз. 1992. №5. 67-б. Тәржімалаған Сәбетқазы Ақатай.
3. Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан. 1974. 236 б. 15 б.
4. Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. Алматы: Ғылым, 1998. 280 с. 101с.

5. Муканов М.С. Этническая территория казахов в XVIII начале XX веков. Алма-Ата: Казахстан, 1991. 64 с. 35 с.

6. Шәкәрім қажы. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі // Жұлдыз. 1992. №1. 85 б.

7. Қазақ совет энциклопедиясы. Алматы, 1975. 7 том. 647 б. 104 б.

8. Бернштам А.Н. Древнейшие тюркские элементы в этногенезе Средней АЗИИ // СЭ. 1974. 151с.

9. Күмісбаев Ө. Оғыз қаған // Жұлдыз. 1992. №12. 183 б.

10. Жанұзақ Т., Рысберген Қ. Қазақ ономастикасы: жетістіктері мен болашағы. Алматы: Азия, 2004. 128 б. 50 б.

11. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. Алматы: Хант, 1 т. 1997. 1 т.

12. Щербак А.М. Огуз-наме, Мухаббат-наме. М.: Восточная литература, 1959. 181 с.

13. Орынбасарқызы Т.Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді есім қосымшалардың тарихи дамуы. Алматы, 2003. автореферат д.д. 16 б.

14. Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 1997. 249-259 б.

15. Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994. 400 б. 180 б.